
Құдайды
еске алу

Алғы сөз

Бұл кітапшада жеке басымнан өткен оқиғаларды және жеке ойымды жазуға тырыстым. Йә бәлкім менің ойымен келіспейтін жандар бар шығар, алайда әркім өз ойын тұжырымын айтуға хақысы бар деп ойлаймын. Сондықтан егер мен тарапынан бір қате кетсе алдын ала кешірім сұраймын.

Мазмұны

Бірге болу.....1

Жетім.....2

Өзгеру.....3

Құдайды еске алу.....4

Серттен таяу.....5

Қайтадан жарату.....6

Басшылық тізгіні.....7

Зекіп ұрыспау.....8

Ата-анаға тілек.....9

Құдайға және ата-анаға алғыс....10

Жақсылық жаса.....11

Құдай жақсы көретін.....12

Көрші.....13

Жақсы қарым-қатынас.....14

Сақтану.....15

Үміт.....16

Жалған мен ақиқат.....17

Жамандықты жақсылықпен қайтару.....18

Ықылас.....19

Адасу.....20

Азап.....21

Бірге болу

Осы күні мен кіммен сырласпын? Кіммен бірге болып жүрмін? Қай майданда жүрмін? Кейде осы майдандардың екі жағында жүргендеймін. Нақты қай жақты жаным таңдау жасайды. Міне сол майданда жүрген жандар менің сырластарым және бірге болған достарым болып келеді. Қай заманда болсын ой сана-ол бағыттаушы құрал, ал жан-тәңін таңдау жасаушы болып келген. Кей ойларды сараптай келсен, Раббымның разылығын іздеп жүрген жанға ұқсамай кетесің. Былай ойлап көрсең, осы заманда көбіне тәннің билеген заманы, ал жанын сол тәннің жетегінде кеткен. Тәңі саудын- жаны сау демекші! Тәңімізді тәртіпке салмасақ, жанымызды құтқара алмаймыз ба деп қорқамын. Осы күні тәңіміздің азғырып тозуына барлық жағдайлар жасалған. Қазіргі заманда басты орынға қойылғаны- ол қандай жолмен болсын табыс табу, ал адамның тәңі, жаны маңызды болмай қалған. Біз болсақ тәңіміз не қаласа, жанымызды сол жаққа бұрамыз. Осылайша жанымыз тәңнің құлы болып кеткен. Бұл құлдықтан шығып кету қиын. Кейбір жандар жан-тәңімен Құдайға бет бұрып, Одан жәрдем, көмек сұрап бұл құлдықтан құтылып жатқандар да бар. Бірақ бұл жолда тұрақты бомай қаламыз, өйткені жан-тәңімізге жақын басқа жолдар және жолдастар баршылық. Осыған орай бір оқиға есіме түсіп тұр. Бірде бір жанға түсінде пайғамбарымыз қонаққа келіп, есікті тарсылдатып тұр екен. Әлгі жан жанталасып есікті ашайын десе, үйінде пайғамбарымызға ұнамайтын бір заттар бар екенін есіне түсіріп, жанталасып жинай бастайды. Енді ашайын десе, тағы бір заттар барын есіне түсіріп тағы жинай жөнеледі. Осылайша енді барып есікті ашса, пайғамбарымыз кетіп қалыпты. Ол адам оянып бұл түстін жайын түсініп, өзінің теріс амалдарын өзгерткен екен. Ол адамның да және біздің де екі жолда жүрген амалдарымыз бар болған соң, біз өзгелерден жасыруға тырысамыз. Алайда Құдайдан еш нәрсені жасыра алмайсың. Кімді біз дос тұтамыз, кімді көзімізге ілеміз, міне соның жолымен жүреміз. Ойланып жан дүниеге үнілсек, бәлкім жанымыз қай жаққа бет алғанын байқармыз және кімнің сонынан еріп бара жатқанымызды. Жаратушымыз: “Сабырлық танытып, жан-тәңімен Раббыларының разылығын қалап, ертелі-кеш дұға жасайтындармен бірге бол. Оларды көзге ілмей қойма!”-деп бізді ескертеді.

Жетім

Жетімдік туралы айтатын болсақ, өз басым анам болған соң, Аллаға шүкір аса жетімдікті көрген жоқпын. Он жеті жасымда, әкемнен айрылдым. Әкем рак ауруынан қайтыс болды. Әке асқар тау демекші. Уақыт өте келе әкенің жоқтығын бірте-бірте сезіне бастадым. Көптеген ауыр шешімдерді өзіме қабылдауға тура келді. Осы күніде әр түрлі шешімдерді қабылдап, сол шешімнің нәтижесін көрудемін. Ол нәтиже не оң , не теріс болып шығады. Жаратушы ер адамды басшы етіп қойғаны осы білем, ер адамның қабылдаған шешімі тікелей оның жанұясына, қоршаған жандарға әсер етеді. Сол себепті ер адамға ойланып, толғанып әр дайым дұрыс шешім қабылдаған жөн. Әкең болмаған соң, қорғансыз болып қалады екенсің. Жылың өткізген соң, көшетін болдық . Көшкенде бір талай әкемнің жиған дүниесін әкете алмадық, оның көбі талан таражға қалды. Бірі сұрап алды, бірі ұрлап та кеткен болды. Бірақ уақыт өте келе ұрлап, басып әкеткен дүние, сол жандарға бақыттан гөрі қасірет көп әкелді. Көшіп кеткен соң да , бір талай қиындықтарды бас кештік. Бәрін сатып, үй алдық. Үйде шайдан басқа азық болмаған күндер болды. Әйтеуір нағашы апам сол ауылда тұратын еді, сонан барып ас ішіп келетінбіз анам екеуіміз. Күн көру үшін анама да, маған да ауыр жұмыстарды атқаруға тура келді. Анам екеуіміз бір талай басынуды, менсінбеушілікті бастан өткердік. Бірақ уақыт өте келе сол басынған адамдардың өздері басылып, қасірет шеккенін Алланың қалауымен өз көзімен көрдім. Біздің көшіп кеткен ауылда бір орыс көрші әжей болатын. Анам кейде сол әжеге барып, шәй ішіп, әрі сыр тарқататын. Әр түрлі мұның, ренжулерін айтқанда, әлгі әжейіміз: «Сабыр ет, Құдай бар ! Ертең есебін алады!»-деуші еді. Иә әлбетте Құдай бар, әрі ол түбтін-түбінде ақ пен қараны ажыратады және әркімнің есебін алады бұл өмірде не ақыретте. Жаратушымыз: «Жетімді басынба!»-деп ескертеді. Сол себепті бұл ескертуді әрдайым есте сақтайық! Жетімді басынбайық! Керсінше қамқор болайық! Тіпті бір айтылған жылы сөзін жетім жан үшін үлкен сыйлық.